

ТАРТУ

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛДІҢ ТОЛАҒАЙЫ



Бауыржан ҚАМАЛИЕВ:

«Жеңісімді өлімізге, Тұңғыш Президент күніне, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына арнадым. Еліміз аман, аспанымыз ашық болсын!»

Елордадағы Нұрсұлтан Назарбаев әуежайында полиция қызметкері Бауыржан Қамалиев 42 тонналық Airbus ұшағын 10 метрге дейін сүйретті.

Бұған дейін ол жалпы салмағы 276 тоннаны құраған екі теміржол локомотивін 10 метрге сүйреп, әлемдік Гиннес рекордын жаңартқан болатын. Толағай полицей алаңы уақытта 350 тонна жүкті сүйреуді жоспарлап отыр.

АҢДАТПА



КҮЙ
ҚҰДІРЕТІ

2



ҚОНЫС ТОЙЫНА
БАСТАЙТЫН
ҚАДАМ

4



ҚЫРҒЫЗСТАН
ТАҒЫ БІР
ТӨҢКЕРІСТІ КӨТЕРЕ
АЛМАЙДЫ

5



ЖЕТКІНШЕКТЕР
ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

8

ТҮЙТКІЛ

Түркістан облысында мектептерге ноутбук сатып алу үшін бөлінген мемлекеттің миллиардтаған ақшасын жымқырғандар тергеліп жатыр. Қаржылық қадағалау агенттігінің мәліметінше, «MT-Сервис» ЖШС басшысы мен облыстық әкімдіктегі адами өлеуетті дамыту басқармасының мамандары «қазына қаржысына қол салды» деген күдікке іліккен. Олар пандемия кезінде оқушылардың қашықтан оқуы үшін қажетті ноутбук сатып алуға бөлінген ақшаны жымқырған. Шенеуніктер техникалық сипаты сай келмейтін құрылғыларды қабылдап алыпты. Десе де, қазір осы іс бойынша тек төңдер ұтып алған кәсіпкер ғана қамауға алынды.

(Жалғасы
3-бетте)



ПАНДЕМИЯДАН ПАЙДА ТАПҚАН

МҰРА



ҚҰСБЕГІЛІК – ТАБЫС КӨЗІ
ЕМЕС, ҰЛТТЫҚ ӨНЕР!

(Бұл туралы 7-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
69,72

DOLLAR
438,5

EURO
497

РУБЛЬ
5,88





7 KÚN 168 SAĠAT

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ТАРИХ СОМДАҒАН ТҰЛҒА

Тарих таразысына салып қарағанда 30 жыл көп уақыт емес. Дегенмен, 1991 жылғы 1 желтоқсанда бүкілхалықтық дауыс беру арқылы демократия дәстүрімен өз президентін сайлаған, көп өтпей Тәуелсіздігін жариялаған, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып, дербес мемлекет ретінде ғаламдық қоғамдастық қатарына қосылған Қазақстанның 30 жылда жүріп өткен жолы тұтас бір ғасырға жүк боларлық терең тарих. Жаңа мемлекеттің құрылуы, шартарапқа танылуы, қуатты экономиканың қалыптасуы, мәдениетінің өрлеуі, түрлі салада биік белестерді бағындыруы, мұның бәрі, сөз жоқ, Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты. Қазақстан Көшбасшысы – бүгінде ғаламдық деңгейдегі тарихи тұлға. Әлемнің түкпір-түкпірінде жарық көріп жатқан кітаптар да осы пікірді қуаттай түседі. Біз айтулы мерекеге сол кітаптардың бірқатарына тоқталуды жөн көрдік.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев туралы «Тарих сомдаған тұлға» атты кітабы португал тілінде шықты. Бұл іргелі еңбекте қазіргі Қазақстан мемлекеттілігінің негізін қалаған көрнекті саясаткердің өмір жолы баяндалады. Қасым-Жомарт Кемелұлы өз еңбегінде тәуелсіз Қазақстан тарихындағы сындалы сәттерге, атап айтқанда, жас мемлекеттің қалыптасу кезеңіне, ел астанасының көшірілуіне, саяси және экономикалық реформаларға, сыртқы саяси аренадағы алғашқы қадамдарға ерекше мән берген. Елбасы уақыт сынына абыроймен төтеп берді.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

Бұл кітап жарық көрген сәттен әлемге Қазақстан саяси әдебиетінің жарқын көрінісін паш етті. Сонымен қатар шет мемлекеттерде де зор қызығушылық туғызды. Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Тарих сомдаған тұлға» атты кітабының Тұңғыш Президент күні Португалия астанасы Лиссабон қаласында португал тілінде жарыққа шығуының символдық мәні зор. Осы айтулы оқиға Қазақстан мен Португалияны одан әрі жақындатуға септігін тигізіп, шетелдік оқырмандарға еліміздің тарихы мен бүгінгі тыныс-тіршілігін таныта түспек.

Құндылық

Жаңа күй «Тұран» деп аталады. Тың туындыны әлеуметтік желіден тыңдап, оның маңызын арттырып, өрін келтірген бейнебаянын да көруге болады. Тәуелсіздікке қолымыз жеткеннен кейін ғана халқымыздың, Алаш арыстарының ақ арманы орындалып, асыл мұраты іске аса бастағаны аян. Түркі жұрты түгел тәу ететін Түркістанымыз түлеп, рухани жаңғырудың қаласына айналып келеді. Одан да маңыздысы – түркі халықтарының бірлігін әлемге әйгіліген ұлы Тұран даласының даңқын бүгінде Ұлы Дала Елінің жалғастыруы болса керек.

ҒАЛАМАТТЫҢ ҒАЖАП КҮЙІ



Түркі халықтарының басты жетістігі – тұтастығы, татулығы бекемделе түсті, межесі – барлық салада бәсекеден тартынбайтын, озық елдерге есе жібермеу. Соның ішінде, мәдениетіміз бен өнеріміздің өрісін кеңейту, танымалдығын арттыра беру. Жас ұрпақтың айтары мен ансары өнде, күйде көрінуі де табиғи нәрсе. Өйткені өткеннің сабағы, бүгіннің ырысы, ертеннің еншісі оларға күш-жігер, қуат-қайрат, рух береді.

Күйді шығарған жас композитор, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының студенті Ғаламат Бейсеқожа – елімізге талантымен танылған ағайындылардың ортаншысы. 100-ден астам шығармасы бар жас дарын дәл осы күндері інісі Нұрәлімен бірге Германияда концерт беріп жүр.

Міне, осындай талапты жастарымызды қолдау жөнінде Мемлекет басшысы: «Қазақстан мәдениетінің өкілдері өңірлік және жаһандық деңгейде өз орындарын ойып тұрып



алып жатыр. Біз осы мүмкіндікті еліміздің мәдениетін әлемге танытудың жолы ретінде қарастыруымыз керек», – деген болатын.

Шындығында, «бұлақ көріп, көзін ашудан гөрі», оның арқырап, сарқырай аққан кезінде ғана қожасы мен иесі көбейіп кететін үрдістен арғылатын кез келді. Тума таланттарды шырақпен іздеп жүрген елдер де жоқ емес. Сондықтан, ақын Мұхтар Шаханов:

«Түсіңбестік — секілді бір көк тұман
Сол көк тұман тұдырады көп күмән.
Бір жас дарын көтерілсе мінбеге,
Жұрт түсіңбей қалмаса екен деп тұрам!» –

деп жырлағандай, дарынды, талантты жастарымызды түсініп, оларды қолдау тиісті ұйымдардың да, жекелеген азаматтардың да өз халқына, туған елінің мәдениеті мен өнеріне деген адалдығын көрсетсе керек.

Дархан
МЫНБАЙ,
Мәжіліс
депутаты



РУХАНИ ТӘБӘРІК

Тұңғыш Президент күні және Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойы аясында араб тілінде жарық көрген «Қазақстан – дамудың 30 жылдығы» кітабы таныстырылды.

Кітап Сауд Арабиясында Қазақстан елшілігінің ұйтық болуымен жарық көрді. Бұл еңбектің авторлары – Қазақстанның Сауд Арабиясындағы Төтенше және өкілетті елшісі Берік Арын, Орыс-араб зерттеулері және ақпарат қорының төрағасы Мәжит Әт-Түркі, Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығының төрағасы Болат Сәрсенбаев, Сауд Арабиясының Қазақстандағы бұрынғы елшісі З.Аленези және бірқатар саудиялық сарапшылар.



Кітапта Тәуелсіз Қазақстанның басты тарихи оқиғалары баяндалып, еліміздің сыртқы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы негізгі бағыттары сипатталған. Ұлттаралық және дінаралық келісімнің қазақстандық моделі мен Елбасының Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезін шақыру жөніндегі бастамасына жеке бөлім арналған. Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қазақ мемлекетін құру, Қазақстан мен Сауд Арабиясы арасындағы достық қарым-қатынасты орнату жолындағы тарихи рөліне айрықша назар аударылған.

Әйгілі «Тарих толқынында» атты еңбегінен алынған цитаталар, тәуелсіздік алған жылдардағы ең басты саяси шешімдер мен республика ауқымын қамтыған ірі шаралардан көріністер қамтылған.

Үшінші зал – еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған. Бөлменің тұтас қабырғасына Елбасының «Еуразия жүрегінде» еңбегінен алынған үзінділер мен бүгінгі Қазақстанның дамуын көрсететін фототоптамалар қойылған. Сондай-ақ Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы ауыл шаруашылығы, өндіріс, медицина, спорт және оқу-білім мен ғылымдағы жетістіктері көрсетілген.

Орталықтың төртінші залы нағыз заманауи талапқа сай жабдықталған. Бөлменің дәл ортасында ғылыми конференция мен басқосу жиындарына арналған дөңгелек үстел орналастырылған. Залдың сол жақ қабырғасына Елбасының ТМД елдері басшыларымен, ал он жақ қабырғасына алыс-жақын шетел басшыларымен түскен суреттері ілінген. Шетел президенттері сыйға тартқан кәде-сыйлардың басым бөлігін осы залдан кездестіруге болады.

«Елбасы жолымен» экспедициясы Тұңғыш Президенттің өмірі мен еңбек жолын тереңінен тануға мүмкіндік берді. Осындай сапар ұйымдастырған университет ұжымына алғысым шексіз», – дейді 3-курс студенті Жәнібек Ұларбек. Шара соңында ҚазҰУ ректорының кеңесшісі Мәлік Отарбаев орталық ұжымына алғыс білдіріп, университет атынан бағалы сыйлықтар табыс етті.



ӨРЛЕУ МЕН ӨРКЕНДЕУ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан жолы» кітабы Америка құрлығының онтүстігіндегі Бразилияда жарық көрді.

Бұл еңбекте Қазақстанның жаңа тарихындағы ең қиын және жарқын сәттер туралы баяндалып, тәуелсіз жас мемлекеттің қалыптасу жолындағы айтулы қадамдар ашылғаны атап өтілді. Бразилиялық сарапшылар Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихына үлкен қызығушылық танытып, еліміздің барлық жетістіктері Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты екенін атап өтті. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жүргізіп жатқан реформалар саясатындағы сабақтастықты оң бағалады. Сондай-ақ Қазақстанның тәуелсіздік жылдары саясатта, экономикада, ұлттаралық және конфессияаралық қатынастардың табысты моделін қалыптастыруда және сындарлы сыртқы саясатты жүргізуде елеулі табыстарға қол жеткізгені айтылды.

Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Тәуелсіздіктің 30 жылдығына және Тұңғыш Президент күніне арналған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» онкүндігі басталды. Танымдық шараның алғашқы күні студенттер Тұңғыш Президент – Елбасының «Атамекен» тарихи-мәдени орталығына барып, тарихи тұлғаның балалық шағы мен қызметтік жолымен танысып қайтты.

«Елбасы жолымен» аталған экспедицияға жамбылтанушы ғалымдар, білім алушылар, оқытушылар мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Шамалған – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кіндік қаны тамған ауыл. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Ұшқоңыр тауының етегіндегі осы елді мекеннен түлеп ұшқан. Ұлт Көшбасшысының тағылымды өмір жолын өскелең ұрпаққа паш ететін «Атамекен» орталығы 2017 жылы бой көтерген.

Тарихи-мәдени орталық төрт залдан тұрады. Алдымен университет студенттері Елбасының оқушы кезінен бастап, еңбекке араласа бастаған сәтінен сыр шертетін отбасылық суреттер мен бірқатар жәдігерлердің көшірме нұсқалары орналасқан бірінші залдан бастады. Бұл бөлмеден білім алушы жастар Нұрсұлтан Назарбаевтың балалық шағында тұрған үй мен оқыған мектептің макетін тамашалады.

Екінші экспозициялық зал – ел тарихындағы ерекше маңызға ие «Тәуелсіздік кезеңіне» арналады. Мұнда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың

ЕЛБАСЫ ЖОЛЫМЕН



«Елбасы жолымен» экспедициясы Тұңғыш Президенттің өмірі мен еңбек жолын тереңінен тануға мүмкіндік берді. Осындай сапар ұйымдастырған университет ұжымына алғысым шексіз», – дейді 3-курс студенті Жәнібек Ұларбек. Шара соңында ҚазҰУ ректорының кеңесшісі Мәлік Отарбаев орталық ұжымына алғыс білдіріп, университет атынан бағалы сыйлықтар табыс етті.

Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Басына бұлт үйірілген «МТ-Сервис» серіктестігінің бас директоры – Серік Мұстафин. Ол 2020 жылдың тамыз айында оқушыларға арналған ноутбук сатып алу туралы тендерді ұтып алған. Карантин кезінде онлайн оқу форматына көшкен оқушыларға деп 21 763 дана ноутбук сатып алу үшін бюджеттен 3,5 миллиард тенге бөлінді. Алайда Түркістан облысының

емес. Сондықтан қазір тергеушілер 21 мың дана ноутбукті Серік Мұстафин елге қалай кіргізді деген сұраққа жауап іздеуде.

Бір қызығы, бұл қылмыстық істе «Эффект СК» деген серіктестіктің де аты аталады. Ол компания алдымен әр данасы 150 мың теңгеден 16 848 ноутбук жеткізіп беруге келісімшарт жасасыпты. Кейін 2924 ноутбукті 135 мың теңгеден

QOĞAM



www.jasqazaq.kz

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

ПАНДЕМИЯДАН ПАЙДА ТАПҚАН



әкімдігі ешқандай тендер өткізбеген. Жөнімпазды «бір көзден» сатып алу арқылы анықтапты.

Алайда мемлекеттік кіріс комитетінің порталындағы мәліметтерге сүйенсек, «МТ-Сервис» серіктестігі 2019-2020 жылдары көк тиын салық төлемеген. Ал оған дейінгі жылдарда қазынаға әртүрлі сомда ақша құйып отырыпты. Осыдан-ақ бұл компанияның тұрақты жұмыс істемегенін аңғаруға болады.

Сондай-ақ аталған серіктестік компьютерлік техника тасымалдаумен ешқашан айналыспаған. Тіпті мемлекеттік сатып алуға да мүлде қатыспапты. Десе де, әкімдік әр ноутбукті 157 мың теңгеден сатып алған. Нарық бағасына сай келетін бұл техникалардың экраны кем дегенде 11 дюйм, желдел жадысы 64 ГБ-тан кем болмауы тиіс. Техникалық сипаттамасы сай келетін мұндай ноутбуктерді 157 мың теңгеге кез келген техника дүкендерінен сатып алуға болады. Бірақ 21 мың данасы бірден табыла кетуі неғайбыл. Сондықтан 3,5 миллиард теңгенің «майлы жілігі» бұрын-соңды тендерге қатысып көрмеген Серік Мұстафиннің компаниясына бұйырған. Қомақты қаржыға ол Hasee брендімен шығатын қытайлық ноутбуктерді жеткізіп беріпті. Сапасы сын көтермейтін бұл техникалар негізінен тек ғаламтор арқылы сатылады. Ал еліміздегі ірі техникалық дүкендерден бұл маркадағы ноутбуктерді табу мүмкін

әкеліп беруге уағдаласқан. Бірақ бұл серіктестікті де нарықтағы компьютерлік техника сататын ірі компания деп айта алмаймыз. Өйткені мемлекеттік кіріс комитетінің мәліметінше, шымкенттік компания соңғы бес жылда бюджетке небәрі 18 мың теңге салық төлепті.

Сондай-ақ Серік Мұстафин қытайлық компаниямен 2 миллион долларға келісімшартқа отырған. Онда 2020 жылдың 31 желтоқсанына дейін қажетті тауарды жеткізіп беру керектігі айтылған. Егер бұл келісімшарт заңды болса, «МТ-Сервис» серіктестігі 21 мың дана ноутбукті 2 миллион долларға сатып алды деген сөз. Теңгеге шаққанда, шамамен 800-850 миллион теңге болады. Сапасыз, техникалық талаптарға сай келмейтін ноутбуктерден аталмыш компания 2,5 миллиард теңге табыс тапқан. Қазір тергеушілер осы ақшаның қайда кеткенін іздестіріп жатыр.

Бұл китүрқылықтан түркістандық оқушылар жапа шекті. Олардың оқуына деп миллиардтап қаржы бөлінгенімен, сонында сапасыз техника таратылған. Дәл осындай қылмыстық істер еліміздің бірқатар өңірінде тергеліп жатыр. Пандемия көптеген азаматтарды жұмысынан, табысынан айырды. Ал кейбіреулер көл-көсір пайда тапты.

Диас НҰРАҚЫН

Тіл – тұғыр

САУАТТЫЛЫҚ – ТІЛГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көрнекі ақпарат және діни қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының жобасы көрнекі ақпарат, діни қызмет саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған.

Расында да, көрнекі ақпараттар, жарнамалар бүгінгі күні тіл саясатын қалыптастыруға тікелей әсер ететін маңызды факторлардың біріне айналу үстінде.

Заң жобасы арқылы көрнекі ақпараттарды рәсімдеу, орналастыру бойынша белгіленіп отырған қосымша талаптар өте орынды деп пайымдаймын.

Сауатты әзірленген жарнамалар мен көрнекі ақпараттар азаматтардың тілге деген құрметін тудырып, оны оқуға, үйренуге деген құлшынысын оятады.

Сондай-ақ заң жобасы арқылы діни қызмет саласындағы заңнаманы халықаралық талаптарға сәйкестендіру бойынша бірқатар жаңалықтарды енгізу көзделіп отыр.

Қаралып отырған нормалардың барлығы аталған салаларда жүргізіліп жатқан саясатты одан әрі нығайтып, дамуына жаңа серпін береріне сеніміміз мол!

Нұрғәле ЖҮСІП,
Сенат депутаты



Кесте

2022 ЖЫЛЫ 1 ҚАҢТАРДАН БАСТАП



Ең төменгі жалақы
60000 теңге

Ең төменгі мемлекеттік базалық зейнетақы
19450 теңге

Зейнетақының ең төменгі мөлшері
46302 теңге

1 айлық есептік көрсеткіш (АЕК)
3063 теңге

Ең төменгі күнкөріс деңгейі
36018 теңге

Дереккөзі: 2022-2024 жылға арналған бюджет жобасы

«АЛАЯҚТЫҚ ЖАСАУ» БАБЫ БОЙЫНША ТІРКЕЛГЕН ҚЫЛМЫС САНЫ (2021, қаңтар-қазан)



ИНТЕРНЕТ
АРҚЫЛЫ
18 000

ТӨЛЕМ
КАРТАЛАРЫН
ПАЙДАЛАНУ
294

ҚАРЫЗ АЛУ
АРҚЫЛЫ
116

НЕСИЕ
САЛАСЫ
70

ЖЕР
ҚАТЫНАСТАРЫ
САЛАСЫ
6

ЖЫЛЖЫ-
МАЙТЫН МҮЛІК
САЛАСЫНДА
5

КЕЛТІРІЛГЕН
ЗАЛАЛ
**50,9 МЛРД
ТЕҢГЕ**

Дереккөзі:
fiprom.kz

Мәселе

«Серпін – 2050» «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға қатысты. Бұл бағдарлама түлектерді оңтүстіктен солтүстік өңірлерге көшіріп, оларды одан әрі жұмысқа орналастырып, тұрғын үй бағдарламаларымен қамтып және тегін оқытуға бағытталған.

Осы жобаны іске асырған сәттен бастап 2014-2019 жылдары еңбек күші артық өңірлердегі жастарымыз Қазақстанның солтүстігінде орналасқан колледждер мен жоғары оқу орындарына түсуге ниет білдіргендердің саны өскен. (Әр жылда шамамен 50-ден 200-ге дейін талапкер).

«СЕРПІН»: СТУДЕНТТЕР НЕГЕ СЕРПІЛМЕЙДІ?

байланысты оңтүстік өңірлерден келген студенттер жалпы негізде қаржыландырылады. Осылайша, жеңілдіктің алынып тасталуы оңтүстік өңірден келген түлектердің солтүстік өңірлердегі колледждер мен жоғары оқу орындарында оқуға деген ынтасы жоғалуы себептерінің бірі болды.

Сондықтан 2020-2021 жылдары жаңа талапкерлерді қабылдау жүзеге асырылмады. Бұл жобаны қаржыландырудың болмауына байланысты оқуға ниет білдірушілердің саны айтарлықтай қысқарғаны тағы да расталды.



Алайда білім және ғылым министрлігі 10.12.2014 ж. №517 «Оңтүстік өңірлерден келген жастар арасынан мемлекеттік тапсырыс бойынша техникалық және кәсіптік білім беру бойынша бір маманды даярлауға арналған шығындарды есептеу Тәртібін бекіту туралы» бұйрығының күші жойылуына байланысты әлеуметтік сипаттағы өткір проблема туындап отыр.

Бұрын «Серпін» бағдарламасы бойынша студенттер жылы киім сатып алу үшін көтерме құралдармен, оқу орнына бару және кері қайту жолақысы үшін толық көлемде өтемақыммен, ыстық тамақпен қамтамасыз етілсе, енді аталған бұйрықтың күші жойылуына

Студенттердің көпшілігі артық қаражаты немесе жинағы жоқ, көпбалалы, аз қамтылған отбасыларда өскендіктен, бүгінгі күні оларды жылы заттармен қамтамасыз ету мүмкіндігі туралы мәселе ең өзекті болып табылады. Өйткені көбінесе оңтүстік өңірлерден келген балалардың Қазақстанның солтүстігіндегі қатал қысы үшін жылы заттары жоқ. Сондай-ақ тегін ыстық тамақ ұйымдастыру, жол жүру ақысы қажет. «Серпін» бағдарламасы бойынша оқуға түсетін көптеген студенттердің табысы аз адамдардың мәртебесі туралы және т.б. растайтын құжаттары жоқ.

Өкінішке қарай, қазіргі уақытта жоғарыда аталған бағыттар бойынша өтемақы төлеуді

реттейтін нормативтік-құқықтық актілер жоқ. Қосымша қаржыландырудың болмауы осы бағдарламаның өзектілігін жоғалтуға және студенттердің өз өңірлеріне қайтып кетуіне әкеледі. Осылайша, «Серпін» бағдарламасы орындалмайды.

Жыл сайын статистикаға сәйкес, еліміздің солтүстік облыстарынан 5 мыңнан астам адам басқа елдерге тұрақты тұруға кетеді. Біздің міндетіміз – ішкі ресурстар есебінен өңірлер бойынша халықтың қажетті балансын қалпына келтіру. Осы бағдарлама бойынша оқитын студенттерді қолдау жағдайында солтүстікте бекітілгендердің пайызы айтарлықтай артады.

Үкіметтің тапсырмасы бойынша білім және ғылым министрлігі жанынан «Серпін-2050» жобасын жетілдіру мақсатында ұсыныстар әзірлеу жөніндегі ведомстволық жұмыс тобы құрылды. Осыған байланысты, жұмыс тобы шеңберінде келесі міндеттерді шешу бойынша мына шараларды іске асыру қажет:

– студенттердің Солтүстік Қазақстанның оқу орындарына түсуіне ынталандыру мақсатында «оңтүстік өңірлерден келген жастар арасынан мемлекеттік тапсырыс бойынша техникалық және кәсіптік білім беру бойынша бір маманды даярлауға арналған шығындарды есептеу Тәртібін бекіту туралы» ҚР БҒМ 10.12.2014 жылғы №517 бұйрығының нормаларын қалпына келтіру;

– диплом алған мамандарды мемлекеттік тұрғын үй қоры және басқа да көздер есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы мәселені пысықтау;

– жұмыскерлер үшін әлеуметтік пакетті жақсартуды ескере отырып, жұмыс берушілердің ТЖКБ (Техникалық және кәсіптік білім беруді ұйымдастыру) мекемелерінің түлектерімен өзара іс-қимыл тетігін ұсыну, ең алдымен, бұл жалақы деңгейіне қатысты. Бұл олардың жұмыс орнында шоғырлануын арттырады.

Нұржан
НҰРСИПАТОВ,
Сенат
депутаты



Тұрғын үй – 2021

Сейсенбі күні Шымкент тұрғындары қаладағы Көрме орталығына жетуге асықты. Асығатындай-ақ жөні бар. Мұнда мемлекеттік тұрғын үй бағдарламаларының негізгі операторы – «Отбасы банкінің» салымшылары үшін Жылжымайтын мүлік жәрмеңкесі өткізілді. Салымшылар онда баспана таңдап қана қоймай, құрылыс компаниялары тарапынан берілетін 3 миллион теңгеге дейінгі бонусқа ие бола алды. Ал Шымкент қаласының әкімдігі биыл баспанаға мұқтаж әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарды демеу үшін берілетін тұрғын үй сертификаттарына 500 миллион теңге бөлді. Содан болар, ұтымды да оңтайлы мүмкіндікке қол жеткізгісі келгендер жәрмеңкеге көптеп жиналды.

Еліміздің үшінші мегаполисі – Шымкентте тұрғын үй құрылысы қарқын алып, зәулім ғимараттар бой көтеріп жатыр. Биылдың өзінде 114 үйді пайдалануға беру көзделген. Қала әкімдігі ұсынған деректерге жүгінсек, 2020 жылы 649,1 шаршы метр баспана салынды. Биылғы жылы бұл көрсеткішті 1 миллион шаршы метрге жеткізу көзделіп отыр. Сондай-ақ ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін



Мәулен АЙМАНБЕТОВ,
Шымкент қаласы әкімінің орынбасары:



«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы тұрғын үй құрылысын қолдаудың жаңа тетіктерін біріктірді. Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев тұрғындардың өмір сүру жағдайын жақсарту және қолжетімді мүмкіндіктер жасау мақсатында тұрғын үй ипотекасының қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік берген ипотекалық несиелендірудің жаңа бағдарламаларын енгізуге бастамашы болғаны барлықтарыңызға белгілі. Бүгінгі таңда қалада бюджет есебінен 88 үйдің құрылысы жүргізіліп, оның ішінде «Шаңырақ» бағдарламасына қатысушыларға 27 тұрғын үй бойынша азаматтарды қоныстандыру жұмыстары көзек-көзекімен жүзеге асырылуда».

ҚОҢЫС ТОЙЫНА БАСТАЙТЫН ҚАДАМ

Шымкентте жылжымайтын мүлік жәрмеңкесі өтті

банкіне» барып, депозит ашып, салым салып отырғысы келеді. Жәмила апай сияқты баспана қамымен жүргендердің қарасы қалың. Бұлардың арасында «Отбасы банкі» арқылы мемлекеттік бағдарламалар бойынша баспанаға қол жеткізген салымшылар да, банктік депозит ашып, қаржысын жинап жатқандар да бар. Біз солардың бірнешеуін әңгімеге тарттық.



Дәурен САУДАБАЕВ,
«Отбасы банк» АҚ Шымкент қалалық филиалының директоры:

«Бүгін біз клиенттеріміздің уақытын үнемдеп, оларға үй сатып алудың оңтайлы жолдарын ұсыну үшін жылжымайтын мүлік жәрмеңкесін өткізіп жатырмыз. Келушілердің дені бүгін болашақ пәтерлерін таңдап кететініне сенімдімін. Ал баспана мәселесін әлі шешпеген салымшыларға бастапқы жарнаны тез арада жинауға көмектесеміз. Расымен де, банктің 2 пайыздық жылдық сыйақысынан бөлек, мемлекет клиенттеріміздің салымдарына 20 пайыз көлемінде сыйақы аударып отырады. Егер жыл соңына дейін клиенттеріміз депозитін 200 АЕК немесе 583 400 теңгеге толықтырса, келесі жылы оларға 116 мың 680 теңге мемлекеттік сыйақы төленеді. Болашақ баспанасын жоспарлап, депозит ашқысы келгендер жеке кәуәлігі мен ресми түрде расталған айлық табысын көрсетсе болғаны. Шамамен 1,5-2 аптада құрылыс компаниясынан пәтер сатып алуға көмектесеміз».



Ғабит ИМАНҚҰЛОВ,
қала тұрғыны:

«Отбасы банкінде» жинақ ашып, 3 жыл бойы үзбей қаржы салып отырдым. «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жоғары балл алып, байқаудан тез өттім. Соның арқасында баспанаға жылдам қол жеткіздім. 18-ші шағынауданнан 3 бөлмелі пәтер алдым. Пәтер бағасының 20 пайызын, яғни 2 миллион 700 мың теңгені алғашқы жарна ретінде құйдым. 11 жыл бойы айына 82 мың теңгеден құйып отырамын. Айлық табысым – 204 мың теңге. 3 балам бар. «Отбасы банкінде» есепшот ашып, кеңесшілерден кеңес алып, қаржыңды жинасан, үй алу оңай».



шараға Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Мәулен Айманбетов қатысып, инфрақұрылымдық коммуналдық қызметтері іске қосылған пәтерлердің иелеріне кілттерін табыстады.

Айта кету керек, «Тұран» шағынауданында салынған үйлердің бір шаршы метрі 180 – 200 мың теңге көлемінде. Жалпы мемлекеттік бағдарламалар тұрғызылатын үйлердің бағасы өзгерген жоқ. Шымкентте де пәтердің шаршы метрі 180 – 200 мың теңгеден аспайды.

Жылжымайтын мүлік жәрмеңкесінде қала тұрғындарына нарықта үш түрлі категориямен, яғни бизнес, комфорт және эконом-класс бойынша шаһарда салынып жатқан үйлерден қалауына қарай пәтер таңдап, 5 пайызбен несие алуға мүмкіндік

жабу үшін әлеуметтік жағынан осал топтарға қайтарымсыз негізде 1 миллион теңгеге дейін қаржылай қолдау көрсетіледі. Биылғы жаңа қоныс иелерінің 259-ы аталмыш сертификатты алып, баспаналы болып отыр.

Тұрғын үй алғысы келетіндердің көбі шарттары кез келген адамға тиімді әрі ыңғайлы, құжат рәсімдеу процесі оңай «Отбасы банкі» таңдайтыны белгілі. Міне, жылжымайтын мүлік жәрмеңкесінде осы банктің кеңесшілері мен жергілікті әкімдіктің өкілдері халықты ақпараттандыру мақсатымен мемлекеттік бағдарламалардың оңтайлы жолдарын түсіндірді. Ал құрылыс компаниялары өз ұсыныстарын ортаға салды.

Жәрмеңкеге келушілер тұрғын үйлерді салыстыра отырып, өз таңдауын жасады. Содан кейін «Отбасы банкінің» кеңесшілеріне өзінің несие төлемдерін есептетіп алды. Осылайша, аз уақыттың ішінде алдын ала мақұлдау құжаттарына қол жеткізді. Ал құрылыс жүргізуші компаниялар өз тарапынан сатып алушының болашақ пәтеріне 3 миллион теңгеге дейін жеңілдік беруге әзір екенін мәлімдеді.

«Отбасы банк» АҚ Шымкент қалалық филиалының директоры Дәурен Саудабаевтың айтуынша, банк клиенттері дайын пәтерді де, салынып жатқан ғимараттағы баспананы да сатып ала алады. Несие мөлшерлемесі 5%-дан 8,5%-ға (ЖТСМ 9%-дан бастап) дейін болады. Айта кеткен жөн, жәрмеңкеге 40 тұрғын үй кешеніндегі 1000-нан астам пәтер ұсынып отырған 10-нан астам құрылыс компаниясы қатысты.

Шымкенттегі жылжымайтын мүлік жәрмеңкесінде қаладағы 140 000 тұрғынның баспана алу үшін «Отбасы банкінде» қаражат жинап жатқанын білдік. Биылғы жылдың өзінде 35 125 адам жаңа депозит ашыпты. Жыл басынан бері 3 527 қала тұрғыны қоныс тойын тойлаған.

Жәрмеңкеде қала тұрғыны Жәмила Сартаеваны кездестірдік. Ол немересіне үй қарастыруға келіпті. Құрылыс компанияларының ұсынысымен танысып, әрқайсысының бағасы мен ерекшелігін қойын дәптерге түртіп алғанын айтады. Ол өзіне бағасы қолжетімді үйді де тауып қойыпты. Енді жақын арада «Отбасы



Майра ТҮРҒАНБАЕВА,
көпбалалы ана:

«Бақытты отбасы» бағдарламасымен көпбалалы отбасы ретінде кезекке тұрып, 2 пайызбен 15 жылға 17-ші шағынауданнан 3 бөлмелі пәтер алғаным екі жылға жуықтады. Айына 80 мың теңге құйып отырмыз. «Отбасы банкі» кеңесшісінің кеңес беруімен бірінші 10 пайызын, яғни 1,5 миллион теңге құйып, 3 бөлмелі пәтер алдық. Ай сайынғы табысымыз – 300 мың теңге. Құдайға шүкір, қазір басымызда баспанамыз бар. 6 баламызбен бақытты күн кешудеміз. Мемлекеттік бағдарламамен үй алудан қорқудың қажеті жоқ. Барлық мүмкіндіктер жасалған».



Раушан ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА,
салымшы:

«Отбасы банкінде» депозит ашқаным. Оған ақша құйып жатқаным 3 жылдай болып қалды. Енді үй алуым керек. Тұрақты табыс мәселесі бойынша кеңес алғым келеді. Сол үшін бүгінгі жәрмеңкеге келдім».

Жәрмеңкеге келушілерге түсіндіру, кеңес беру жұмыстары белсенді жүргізіліп жатқан кезде мемлекеттік «Шаңырақ» бағдарламасы аясында «Тұран» шағынауданында орналасқан кезекті 10 тұрғын үй (№35а, 36а, 39а, 40а, 41а, 42а, 43а, 44а, 45а, 55а), яғни 483 пәтер қолданысқа берілді. Салтанатты мерекелік



жасалды. «Отбасы банк» АҚ Шымкент қалалық филиалы директорының орынбасары Нұрлан Сұлтановтың айтуынша, қазіргі таңда «Бақытты отбасы» бағдарламасымен 257 адам өз баспанасына қол жеткізген. Бұл бағдарламаның тиімділігі: алғашқы жарнасы – 10 пайыз, мерзімі – 20 жылға дейін. Айлық табысын растағандарға банк 6 ай уақыт береді. Сол 6 айдың ішінде бастапқы немесе екінші нарықтан қалаған үйлерін тауып, несие рәсімдей алады. «Отбасы банк» ұйымдастырған осы шарада тұрғындар өз таңдауымен болашақ баспанасына қол жеткізу үшін несие рәсімдеуге мүмкіндік алды. Кезекке тұрғандар «Отбасы банк» арқылы «Нұрлы жер», «Шаңырақ» және «Бақытты отбасы» мемлекеттік бағдарламаларына қатыса алады.

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Суреттерді түсірген Сепік ҚОСАЕВ,
Шымкент қаласы

ЭНЕРГЕТИКАДАҒЫ ЖАҢА ЖОБАЛАР

Ел экономикасының берік тұғыры болып тұрған мұнай және газ саласында екі ірі жоба іске асады. Бұл 8,6 млрд көлемінде инвестиция тартуға мүмкіндік береді.

Үкімет сағатында осындай жаңалықты жеткізген энергетика министрі Мағзұм Мырзағалиев аталған жобалардың шикізат емес, дайын өнім шығаруды көздейтінін атап өтті.

Министрдің айтуынша, мұнай-газ-химия саласында бірқатар ірі жобаларды, атап айтқанда, өндіріс пен тұтыну секторына аса қажет полиэтилен және бутадиең өндіру жоспарланып отыр. Елімізде өңдеу өнеркәсібін дамыту жайын баяндаған М.Мырзағалиев полиэтилен өндірісі жобасы бойынша бүгінгі таңда ресейлік «СИБУР» компаниясымен ынтымақтастықтың базалық шарттары бойынша келісімдерге қол қойылғанын хабарлады. Ал бутадиең жобасы бойынша осы жылдың мамыр айында «Татнефть» компаниясымен стратегиялық



серіктес ретінде жобаны бірлесіп іске асыру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Қазір жобаның техникалық-экономикалық дәйектемесін әзірлеу қолға алынды. Министр мұнай-газ химиясы саласында дайын өнім шығарудың тиімді екенін айта келе, «Бұл жобаларды іске асыру Қазақстан экономикасына шамамен 8,6 млрд АҚШ долларын тартуға мүмкіндік береді», – деді.

КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙДІ

Отандық ауыл шаруашылығының өлеуеті шын мәнінде зор. Мұны сыртқа жөнелтілетін азық-түлік тауарларының көбейіп жатқанынан байқауға болады. Биылғы жылдың 9 айында экспорт 950,5 млн долларға жетіп, өсімі 2,4 пайызды құрады. Бұл туралы ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев Үкімет сағатында хабарлады.

Министрлік ұсынған мәліметке жүгінсек, осы кезеңде өндіріс көлемі сүт өнімдері бойынша 2 пайызға, макарон 37,4 пайызға күнбағыс майы бойынша 11,7 пайызға артқан. Агроөнеркәсіптік кешен өнімдері экспортының жалпы көлемінде дайын өнім экспортының үлесі 37 пайызға жетті. Енді осы көрсеткішті өндіріс көлемін ұлғайту және экспорттаудағы бірқатар кедергілерді жою арқылы 70 пайызға жеткізу көзделіп отыр.

Отандық ауыл шаруашылығы өнімдері көбіне Еуразия экономикалық одағына мүше мемлекеттер мен Орталық Азия елдеріне (Өзбекстан, Тәжікстан), жөнелтіледі. Бұған қоса, Ауғанстан, сондай-ақ Еуропа елдері (Германия, Италия) біздің тауарды тұтынады.



Е. Қарашөкеев Ұлттық жоба аясында ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласына инвестициялар тартуды ынталандыру мақсатымен шығыстың бір бөлігін өтеу бойынша инвестициялық субсидия беру, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің лизингі мен кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері, өңдеуші кәсіпорындардың шикізат сатып алуға арналған шығындарын субсидиялау сияқты мемлекеттік қолдау көрсетіліп жатқанын атап өтті. Ұлттық жобаны іске асыру нәтижесінде алдағы бес жылда тамақ өнімдерін өндіру көлемін 1,5 есеге ұлғайту, сондай-ақ осы салаға салаға 700 млрд теңгеге дейін инвестиция тарту көзделген. Бұл қосымша 7 мың адамды жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

(Өз тіліміз)

Өткен жексенбіде Қырғызстан Парламентінің сайлауы өтті. Қырғыз елінің президенті Садыр Жапаров сайлаудың ашық, әділ өтуін қатаң тапсырып, халықты белсенді дауыс беруге шақырған еді. Сайлау өтті. Аз дауыс алған партия жетекшілері мен мүшелері сайлаудың әділдігіне күмән келтіріп, наразылық білдіріп жатыр. Біз танымал қырғыз саясаттанушысы Марс Сариевпен телефон арқылы байланысқа шықтық. Құдайы көршіміз Қырғыз елінің саяси ахуалына, әлеуметтік, экономикалық үдерісіне қатысты бірер сауалымызды жолдап, жауабын жазып алдық.

Jas qazaq: Марс Осмонқұлұлы, осы жексенбіде парламент сайлауы өтті. Қырғыз елінің президенті Садыр Жапаров сайлаудан бұрын жергілікті ақпарат құралына берген сұхбатында «кейбір саясаткерлер парламенттік сайлаудан кейін әскери төңкеріс жасауды жоспарлап жүр» деді. Президент бұл сөзін кімдерге қаратып айтты?

Марс Сариев: Қырғызстан президенті Садыр Жапаров өз сөзінде сайлау алдында қарулы төңкеріске дайындық болғанын жоққа шығармады. Тіпті кейбір қатысушылар ұсталған болатын. Кейбіреулері сайлаудан кейін тұтқындалды. Олардың арасында депутаттар, үкімет мүшелері де бар. Ал нақты дәлелдерді мемлекеттік ұлттық қауіпсіздік комитеті (МҰҚК) ұсынады. Қырғызстанның олигархтары сайлаудан кейін тұрақтылықты бұзуға әрекет жасағандары анық. Былтырғы жылдың 5-10 қазанындағы сайлаудан кейінгі әрекеттер осыған дәлел.



Марс САРИЕВ, саясаттанушы:

ҚЫРҒЫЗСТАН ТАҒЫ БІР ТӨҢКЕРІСТІ КӨТЕРЕ АЛМАЙДЫ

Бірақ бұл жолғы сайлау таза, әділ өтті. Дауыс санау кезінде арнайы жүйеде (системада) ақау болды. Бірақ ешқандай дау болмас үшін дауыстар қолмен саналды. Премьер-министрдің әлеуметтік бағыттағы орынбасары Еділ Байсалов системада не себепті ақау туындағанын түсіндірді. О баста бағдарламада қате кеткен. Сондықтан дауыстар қолмен саналды. Батыс тарапы мен Ресей де дәл осы жерде тұрақсыздық тудырудың мүмкін

топтар сайлаудан кейін тұрақтылықты теңселтуге біраз әрекеттенгені анық. Бізде АҚШ ықпалынан шыға алмайтын, компрадорлық мінез аясы таяз олигархтардың ортасы қалыптасты. Халықтың басым бөлігі кедей-кепшік. Олардың тонтеріс көзқарасы мен элиталық топтардың төңкеріс жасағысы келген әрекеті сәйкес келмеді. Сондықтан алдын ала болжанған төңкеріс болмай қалды. Төңкерістің пайдасы элиталық топтарға ғана тиімді болғандықтан, халыққа бұл жерде ешқандай пайда жоқ. Осы жолы халық Садыр Жапаров пен оның командасына сенім артты. Ол Канада иелігінде болған компанияны халыққа қайтару үшін күресті. Ол үшін түрмеге де тоғытылды. Осындай үндеулері арқылы халық арасында танымалдыққа ие. Ол ең алдымен елдің экономикасына назар аударды. Әрине, әлемде болып жатқан пандемия бүкіл жер шарының экономикасына кері әсерін тигізгені анық. Сондықтан біздің экономиканы да қалпына келтіру оңай болмады. Дегенмен мемлекет басшысы экономиканы басты назарда ұстап келеді. Қырғызстанда әлі де мықты экономика мен мықты жүйе қалыптаса қойған жоқ. Біз

Қырғызстан халқының әлеуметтік тұрмысы төмен. Президент бұл мәселені реттей ала ма?

Марс Сариев: Елімізде жемқорлық схемалары болғаны рас. Садыр Жапаров ол туралы қауіпсіздік кенесінің жиынында айтқан болатын. Еліміздің ауыл шаруашылығына бөлінген несиенің 97 пайызы шенеуніктер мен депутаттардың, тіпті олардың туыстарының қалтасына түскен. Тек несиенің 3 пайызы ғана шаруаның қолына өткен. Еліміздегі тұрақтылықты бұзып, төңкеріс жасағысы келетін элиталық топтардың әрекеті әшкереленді. Алдағы уақытта оларға қолданылатын жаза белгілі болады. Қырғызстан пайдалы рудаларға, әсіресе, алтынға бай мемлекет. Тіпті Менделеевтің кестесіндегі барлық элементтер бар десе болады. Еліміздегі жемқорлықтың жолы кесілсе, пайдалы қазбаларды өндіретін инвесторлар табылып, олар жұмысын ашық жүргізсе, елімізді дамытуға болады. Оған мемлекетіміздің ресурстары дайын. Әрине, жоғарыда айтып өткендей, келергі келтіргісі келетін топтар бар. Алайда қазір халықтың басым бөлігі президентті қолдайды. Сондықтан олардың бірдене жасап



кішкентай ғана елміз. Садыр Жапаровтың экономиканы жақсартуда өз бағдарламасы бар. Осы орайда инвесторлар мен ресурстар да табылады деген ойдамын. 6 миллион халқы бар шағын ғана мемлекеттің. Сондықтан алдағы уақытта экономикалық өсім жағынан тезірек нәтижелі көрсеткішке жетуіміз мүмкін. Алдымен саяси тұрақтылық пен экономикалық нақты дамуды қолға алуымыз керек. Қазақстанмен байланысымыз тым тереңде, әрқашан ауылымыз аралас, қойымыз қоралас көршілес елміз. Әсіресе, тау-кен өндірісі, туризм саласында байланыс бар. Егер де тұрақсыздық тудырғысы келетін сыртқы күштердің әсері болмаса, еліміз қарқынды дамудың белесіне көтеріледі деп сенемін.

Jas qazaq: Түрлі-түрлі толқулар мен бас көтеруді бастан өткерген, отыз жылдың ішінде алтыншы президент басқарып отырған мемлекеттің азаматы ретінде сайлауға қандай баға бересіз?

Марс Сариев: Бұл жолы ешқандай төңкеріс болмайды. Халықтың басым бөлігі Жапаровтың бағытын қолдайды. Оның оппоненттері сырттай қолдауға ие болғанымен де, ол нәтиже бере қоймас. Бірді-екілі митингілер болуы мүмкін. Бірақ тұрақсыздық орын алмайды. Жапаровты аймақтар қашанда қолдайды. Ал қалаға келетін болсақ, қаланың белсенділігі төмен. Еліміздің астанасы бұл істе бәсең.

Сондықтан бұл жолғы сайлау әділ өтті дегуге негіз бар. Дауыстарды қолмен санау кезінде оппоненттер қолмен санау ешқандай дау туындамауы үшін барлығы әділ түрде өтті деп санаймын.

қалуға тырысу әрекеттері сәтсіз болады деп ойлаймын.

Jas qazaq: Тұтыну ақысы қымбат теміржол саласы, телекоммуникацияның шаш етектен шығынға батқаны да президентті ашуландырып, бұдан былай әлеуметтік салалар арнайы бақылауда болатынын жеткізді. Солай реттеп, қадағалауға қырғыз билігінің әлі келе ме?

Марс Сариев: Бұрынғы президент Алмазбек Атамбаев көрші елдермен қарым-қатынасты бұзып кетті. Әсіресе, Қазақстанмен. Менің ойымша, бұл өте қате саясат. Атамбаев кәсіби саясаткер емес. Сондықтан бұл әрекет оның үлкен қателігі. Біз оның кезінде Ресейден басқа елдердің сенімінен айырылды. Ал бүгінде Қазақстан, Өзбекстан елдерімен тұрақты қарым-қатынастамыз. Қазір Ауғанстан қауіп төндіріп отыр. Орталық Азия арқылы өтетін террористік топтардан да қауіп бар. Сондықтан саяси және экономикалық байланысты нығайтанымыз жөн. Сонымен қатар қауіпсіздік мәселесі де маңызды.

Jas qazaq: Дағдарыста қалған Қырғызстан мемлекетінің тізгінін ұстаған Садыр Жапаровтың да өкілеттілігіне бір жылға таяды. Президенттің халқына берген уәдесі, үкіметке жүктеген тапсырмалары айтқан уақытында орындалып жатыр ма?

Марс Сариев: Иә, Садыр Жапаровтың президент болып сайланғанына бір жылдан асты. Оның берген уәделері орындалуда. Бүгінде Ұлттық қорда 6 тонна алтын бар. Президент болып сайланған күннен бастап берген уәделері уақытымен жүзеге асып келеді. Олигархтар тарапынан әлі де кейбір жүзеге асырылатын міндеттерге келергі де жоқ емес. Жапаровтың халыққа берген уәдесі бар. Ол уәдесін орындауда. Халық оған үлкен сенім артады, күтеді, төзеді. Халықтың басым бөлігі кедейшілік күй кешуде. Еліміз қиын кезеңді басынан өткізіп жатыр. Қырғызстан тағы бір төңкерісті көтере алмайды. Оны халық та түсінді. Сондықтан олар қазіргі президентке үлкен үмітпен қарайды. Егер тағы да төңкеріс болып, ел іші алаңдайды бұл істер болса,



Біздің елде сайлау алды тұрақтылықты бұзуға әрекеттенген белгілі бір кландар тобы бар. Бүгінде Садыр Жапаров халықтың зор қолдауына ие. Еліміздің солтүстігі мен оңтүстігі өңірі де президентке үлкен сенім артады. Оның алдында ел тізгінін ұстағандар элиталық топтың мүшесі саналды. Ал қазіргі президентті халық өзінің қалауымен сайлады деп айта аламын. Қазір бізде ресурстар жоқ. Тіпті ресейлік саясаткер Александр Князев те, басқалары да ресурстың жоқтығын ерекше атап өтті. Елімізде белгілі бір элиталық топтар бар. Қазіргі президенттің билігіне қарсы болып отырған да солар. Садыр Жапаров басты назарды азаматтық қоғам мен халыққа аударып отыр. Сондықтан 30 жылдан бері бұл жағдай компрадорлы мінез көрсетіп отыр.

Jas qazaq: Atyba.kg порталының тілшісіне берген сұхбатында президент С.Жапаров әскери төңкеріс жасауды жоспарлап жүргендерге сайлаудан кейін қудалау қатаң болып, тіпті тұтқындаймыз деп де сес көрсетті. Бұл расында да елдің ішкі тыныштығын талқандатпаудың қамы ма?

Марс Сариев: Қырғызстанның азаматтық қоғамы 30 жылдан бері Батыстың қолдауымен грант алып отырды. Еліміздегі «Атамекен», «Альянс» партиялары да Батыс бағытының нұсқауында болды. Мен қазір бұл партияларды ел ішінде үлкен қолдауға ие деп айта алмаймын. Бішкек қаласы жалғыз ғана қарсы электорат. Ерекше сайлау Свердловский, Первомайский аудандарында өтті. Ол аймақтарда бөріне қарсы дауыс ең көп есептелді. Октябрь ауданы да сайлауда ерекшеленді. Ол аймаққа жауапты Дастан Бекешев ұстанымы өте берік депутат. Өзінің айнымас ұстанымы бар. Сондықтан ол халық арасында танымал. Сол үшін жұрт оны қолдады. Ал Ленинский ауданында Атамбаевтың ұлы Сейіт Атамбаев өтті. Сондықтан сайлау репрезентативті. Бізде әкімшілік ресурс жоқ. Отыз жылдан бері әр түрлі сайлауалды әрекеттер болды. Бір жерде біреулерді сатып алу, жерлеріні өткізуге тырысу сынды әрекеттердің болғаны анық.



емес екенін түсінді. Өйткені Қырғызстан халқы Садыр Жапаровты оның алдындағы президенттерге қарағанда халықтың адамы деп санайды. Халық үлкен үміт артқандықтан дауыс берді. Қазір елдің экономикалық-әлеуметтік жағдайы қиын кезеңді басынан өткеруде. Халықтың басым бөлігінің Садыр Жапаровты қолдау себебі оған үлкен сеніммен қарауында. Халық өзін қазіргі биліктің тығырықтан алып шығатынына сенеді.

Jas qazaq: Былтыр тура осы күз мезгілінде өткен парламенттік сайлаудың қорытындысына наразы болған сайлаушы электорат көшеге шығып, соны үлкен өзгеріспен аяқталғаны белгілі. Билік басына осындай халықтың толқуы арқылы келген Жапаровтың мұндай мәлімдеме жасауы нені көрсетеді?

Марс Сариев: Елімізде төңкерістің шеті көрінді дегуге болады. Өйткені бізде әлі де Батыстың ықпалы бар. Кейбір элиталық



Jas qazaq: Айыл банкке қатысты, ауыл шаруашылығы саласына бөлінетін субсидияға қатысты жемқорлыққа да президент Садыр Жапаров қатаң сынға алды. Жалпы жемқорлық, паракорлық қазір қай денгейде, сонғы президент келгені бәсеңдеді ме, әлде өршілі ме? Алтынға бай, басқа да түсті металдың кені көп

Қырғызстан Ауғанстанның күйін кешуі де ғажап емес.

Jas qazaq: Сауалымызға жауап бергеніңізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Қуаныш КӨШІМБАЙ

Шешендік өнер

Халқымыздың ғасырлар бойғы билік жүйесі, тұрмыс салты, өмірлік тәжірибесі, өзара қарым-қатынасы негізінде қалыптасып, дамып, кемелденген өнері – шешендік. Оның қоғамдық, өлеуметтік және саяси мән-маңызы, рөлі мен қызметі айрықша. Шешендік өнер – сан алуан саланы қамтитын, көп ғасырлық тарихы бар, ұлттық болмысымызды айшықтайтын ерекше өнер.

Алайда бүгінгі буын шешен сөйлеуге дағдылану түгілі тіл тазалығын, сөйлеу мәнері мен мәдениетін дұрыс сақтай алмайтын күйге түсті. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында 2018 жылдан бастап Абай атындағы мектеп-интернаты республикалық «Ділмар» шешендік өнер байқауын өткізуді қолға алған болатын. Аталған



IV қорытынды кезеңде көрермен, тыңдарман, сарапшы, сыншы сырт көз қатысушыларға сұрақ қояды.

Шешендік сайысының басты ерекшелігі: қатысушы сұрақ түрінде құрылған тақырыптың екі бағытына, жалпы мазмұнына бірдей дайындалады. Бұл оның ізденуі мен білімін арттырады. Әр мәселені екі жағынан да қарастыра отырып, өз ой-пікірін, ұстанымын білдіріп, қорытынды пікір айтуға үйренеді. Көркем де жүйелі сөйлеуге дағдыланады.

3. Даяна Шүкір (Ақмола облысы)
4. Айкөркем Еркінәлі (Ақтөбе қаласы)
5. Нұржан Әбілбек (Алматы қаласы)
6. Мейрамгүл Әбдіғалиева (БҚО)
7. Аруана Қапан (Аягөз ауданы, ШҚО)
8. Ділназ Қаликанова (Абай ауданы, ШҚО)
9. Зарина Алланиязова (Нұр-Сұлтан)
10. Айкөркем Байымбетова (Абай РММИ)
11. Жалғас Қазыбек (Абай РММИ)

ӨНЕРДІ ӨРГЕ СҮЙРЕГЕНДЕР

байқау биыл үшінші рет өткізілді.

Байқаудың мақсаты – оқушыларды бабалар мұрасын білуге, құрметтеуге, кітап оқуға, жан-жақты ізденуге, әсіресе, би-шешен, акын-жыраулардың шығармашылығын оқып, одан терең ғибрат алып, өмірде қолдануға бағыттау. Шешендік өнердің мән-маңызы мен қадір-қасиетін түсіну; би-шешендердің шешендік сөздерінің тәрбиелік-тағылымдық қызметін ұғыну; шешен сөйлеуге, сөйлеу мәдениеті мен тіл тазалығын сақтауға дағдылану, шешендік сөздер мен толғауларды күнделікті өмірде қолдану.



Бас жүлде иегері Шыңғыс Наурызхан

БАЙҚАУДЫҢ АЙШЫҚТЫ СӘТТЕРІ

«Байлығыңды ел игілігіне жұмсайсыз ба?» деген тақырыпты сайыстың бірінші орын иегері Әсем Жанатова байлық дегеніміз – өуелі рухани байлық, денсаулық екенін, «ел игілігіне өзінде бар байлықты жұмсаймын» деп кеңінен тұжырымдай білді. Мәнді де, дәмді сайыс үлгісін Абай атындағы РММИ-дің оқушылары Жалғас Қазыбек пен Айкөркем Нұрланқызы көрсетті.

«Қазақ өлем танитын бренд қалыптастыра ала ма?» тақырыбына арнайы мақал-мәтел, шешендердің сөзі болмаса да, қиыннан қиыстырып, көркем жеткізуге барынша тырысты. Күлдіре отырып, салмағы алты атанға жүк болар тақырыпта сүбелі сөз, ұтымды ой айтты. Жалғастың айтқан айшықты сөздеріне орай Айкөркем де тапқыр уәж айта алды.

Алматылық Ділназ Қалдыбек сахнада өзін еркін ұстап, кең көсіді. Айтар ойын халыққа жеткізуде шешендік шеберліктің озық үлгісін көрсетті. Екінші кезең сұрақ-жауаппен сайысу болды. «Ділмар» байқауының бас жүлде иегері, Абай атындағы РММИ-дің оқушысы Шыңғыс Наурызхан шешендік сөздерді қолдана отырып, ұстанымын өте тамаша жеткізіп қана қоймай, «Ұлттық мінезді болмысымызға қайтару арқылы рухани жаңғыра аламыз ба?» деп берілген тақырыпқа сай, өзекті сұрақ қойды.

Мектеп-интернатта үшінші рет жалпы білім беру ұйымдарының 8-11 сынып (қазақ сыныптары) оқушылары арасында III республикалық «Ділмар» шешендік өнер байқауы өтті.

Байқау барысының I кезеңінде ұсынған тақырыпты нақты мәлімет, дәйекті дерек, мағыналы мысалдармен жан-жақты ашу талап етіледі. Көркем тіркес, шешендік сөз, мақал-мәтел, нақыл сөздер қолдану деңгейі міндетті түрде ескеріледі.

II кезеңде екі қатысушы тақырып аясында бір-біріне кемінде екі нақты әрі ұтымды, өзекті сауал қоюы шарт. Сұрақтың тақырыпқа сай келуі мен өзектілігі, оған берілетін жауаптың қысқа, нақты әрі дәл болуы бағалаудың басты талабы ретінде қарастырылады.

III кезеңде әр қатысушы I-кезеңдегі ұстанымына қарсы бағытта пікір айтып, ой қозғап, тақырыпты қорытындылап ұсыныс білдіреді.



III республикалық «Ділмар» шешендік өнер байқауына еліміздің 11 облысы, 3 қаласынан, Абай желілік мектептері мен республикалық мектеп-интернатынан іріктелген 22 оқушы қатысты. Қазылар алқасының шешімі бойынша оза шапқан от тілді, орақ ауызды бала дилмарлар білім және ғылым министрі А.Аймағамбетовтің қолы мен мөрі қойылған дипломдармен және мектеп-интернат түлегі, кәсіпкер Аманжол Рысмендиевтің демеушілігімен ақшалай сыйлықтармен, сонымен қатар қазына-құт кітаптармен марапатталды.

III РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «ДИЛМАР» ШЕШЕНДІК ӨНЕР БАЙҚАУЫ

Алғаш хатпен марапатталғандар (қазылар алқасының авторлық кітаптары):

1. Нұржан Ақбаров (Қостанай облысы)
2. Мәдина Сатылхан (Шымкент қаласы)

II орын иелері – 20 000 тг

1. Алмас Айтжанов (Нұр-Сұлтан)
2. Әмина Жақсылықова (Алматы облысы)
3. Алуа Бекбауылова (СҚО)
4. Айназ Мәдиева (Атырау облысы)
5. Ақмаржан Саматқызы (Маңғыстау облысы)

I орын иелері – 30 000 тг

1. Нұрлыайым Үргенішбаева (Қызылорда облысы)
2. Ділназ Қалдыбек (Алматы)
3. Рамазан Қожымқанов (Абай РММИ)

I орын иелері – 50 000 тг

1. Бағжан Болатбеков (Алматы қаласы)
2. Әсем Жанатова (Павлодар облысы)

Бас жүлде – 70 000 тг

1. Шыңғыс Наурызхан (Абай РММИ)

Жарқын СӘЛЕНҰЛЫ

Қалам

ҰСТАЗДАН ЖАЗУШЫ ЖАСАУ МІНДЕТ ЕМЕС

Орта білім беретін мектеп мұғалімдерінің жалақысы артқаны олардың өлеуметтік тұрмыстық ахуалын жақсартуға септігін тигізгені анық. Дегенмен де «алмақтың да салмағы» ауыр. Жалақысы еселенген мұғалімнің тапсыратын тесті де, өтетін сынағы да бар.

Білім және ғылым министрі қараша айының орта тұсында 2016 жылы қабылданған бұйрыққа өзгеріс енгізді. Бұдан былай мұғалімдердің біліктілігін пайымдайтын аттестациялау жүйесі өзгеше болмақ. Министрдің мұндай өзгеріс енгізгеніне кейбір мұғалімдер қарсылық білдірді. Өлеуметтік желіде жан-жақтан иін қандыра талқылап та жатыр. Сонымен онсыз да алдындағы отыз оқушының ой-қиялын қайырамын деп көңілі қабаржып, жұмысынан дел-сал болып шығатын мұғалімнің көңіл пернесіне кері әсер еткен қандай өзгерту?

Ендігәрі мұғалімдер тест тапсырған соң жарты сағат уақыттың ішінде эссе жазу керек. Білім және ғылым министрлігіне қарайтын мектепке дейінгі және орта білім комитеті министрдің мұғалімдерге эссе жазу талабын былай түсіндірді: «Аттестациядан өту процесіне жаңа кезең – эссе жазу енгізілді. Эссені мұғалімдер ҰБТ (ұстаздар тапсыруға тиіс Ұлттық біліктілік тестілеуі) бітіргеннен кейін электронды форматта бірден жазады. Жалпы берілетін уақыт – 30 минут. Сөздердің саны – 250-300 сөз. Жазбаша эссе мұғалімнің жеке кабинетінде ngt.testcenter.kz сілтемесі бойынша көрсетіледі».



Былай қарасаң, 300 сөз дегенін әрқайсысын он сөзден жазғанда он-ақ сөйлем. Жарты сағат уақытта он сөйлеммен эссе жазып шығу аса күрделі де емес. Бірақ аттестациядан өту үшін тестіден басы қатып, қалжырап шыққан мұғалімге «ал енді эссенді жазып бер» деу қаншалықты орынды? Мұғалімдер арасынан министрдің осынау өзгерісіне наразылықтың тууы да заңдылық. Кейбір мұғалімдер «жазар едік, уақыт тығыз болып, үлгереміз» деген уәж айтқасын, эссе жазу уақытын I сағатқа созу ойластырылып жатқан көрінеді. Сонда мұғалімдердің тест тапсырып шыққан соң жазған эссесін кім тексереді? Бұған да министрліктің жауабы дайын: аттестаттау комиссиясының мүшелері тексеріп, баға қояды. Айтпақшы, эссені тек мұғалімдер ғана жазады. Білім ошағының басшысы, оның орынбасарлары, әдіскер секілді лауазымы жоғары саналатындар эссе жазбайды. Зейнеткерлікке 4 жыл қалған мұғалімдер де біліктіліктен өтуге міндетті емес еді. Ол мерзім де екі жылға қысқарыпты. Бұдан былай жасы 61-ге толмаған кез келген мұғалім де аттестациядан өтеді.

Министр мұғалімдерге неге эссе жаздыруды міндеттеп отыр? Көпке топырақ шашпаймыз, әрине. Бірақ бәрі де көркем сөйлеп, айтар ойын қағазға әсемдеп төгіп береді дей алмаймыз. Ватиап желісіндегі топқа «қызыңыз лауреат болды» деп жазған бастауыш сыныптың мұғалімін де білеміз. Техникалық қателік, мүмкін асығыс жазды деп те ақтап алуға болады. Эссе жаздыру арқылы мұғалімнің сауаттылығы мен екі сөздің басын құрай алатынын тексеру дұрыс тәсіл. Тек мерзім мезетін өзгерту керек. Мұғалім тест тапсырған күні эссе жаздыруға салмақ салмай, жазу өнерін басқа уақытта сынап көруді жүйелесе дейсің. Ұстаздан жазушы жасау міндет емес қой.

Қуан КӨШЕК



БААА БҒЫЙНЕ

Есімде қалған ерекше күндер... Бірінші класты жақсы бағамен бітіріп, үйге қуанып келе жатқанмын. Кенет біздің көше жактан шыға келген көршінің қызы қалт тоқтай қалып: «Сендердің үйлерің Вьетнамға көшейін деп жатыр екен ғой, рас па?» – дегені.

Жүрегім су ете түсті. Ол кезде біз бала болсақ та, алыстағы Вьетнам деген кіп-кішкентай елдің алып Америкамен соғысып жатқанын білетінбіз. Өйткені күн сайын теледидардан бомбалаушы ұшақтарды, оларға қарсы оқ атып жатқан зеңбірекшілерді жиі көрсететін. Үйге алқынып жүгіріп келдім. Шешем жайбаракат тандыра нан жауып жатыр екен. Менің түрімді көріп, шошып кетті. «Рас па, – деймін дір-дір етіп. – Вьетнамға көшетіміз?»



Май топырағы борпылдаған қасқа жолдың қою шанын бұрқыратып алыстан бозарып көрінген Қазығұрт тауының бөктеріне жеткенімізше түн ортасы болды. Қаранғыда баратын жерімізді жобалап, бағыт сілтеп келе жатқан әжем ғана.

Ай сәулесімен арнасы күмістей жалтырап жатқан Кіші Келес өзенінің жағасына жеткенімізде, мұндай үлкен өзенді бұрын-соңды көрмеген шөл даланың шопыры Қамбатырдың даусы дірілдеп: «Ойбай, мына теңізден қалай өтеміз?» деп, әжеме жалтақтап қарай берді. Аздан соң ес жиып, жерге түсіп қарасак, өзенді ары-бері кешіп өткен машиналардың ізі бар екен. Әулірімдеп одан да өттік.

Ай сүттей жарық. Әжем жол бойындағы ауылдарды енді тани бастады. «Мынау Жылыбұлақ, анау Көкібел, оның ар жағында Қызылата да алыс емес», – деп қояды.

Бірақ тап орталыққа келгенде адасып кеткеніміз бар емес пе. Біз іздеп келе жатқан Қызылата ауылы сол қол жақтағы ұзын шатқалда екен. Ал біз тіке тартып, төменгі жақтағы Оймауыт ауылына өтіп кетіппіз. Екі ауылдың арасын биік тау жотасы бөліп жатыр.

Түнделетіп одан да асып өттік. Сол кезде бозарып таң атып келе жатты...

Кейін мен осы Қызылата ауылына, Тәліп атам мен Сусар апам қатты бауыр басып кеттім. Бесінші класты бітірген жылы жазда автобустан автобуска ауысып

Даланың баласы, Таудың жиені болып өстім

xxx

Шешем басын шайқап, күліп жіберді. Сөйтті де: «Е-е, бұл ел айта береді ғой» деп, болған істің мән-жайын түсіндірді.

Әкем Монғайтастан отыз шақырымдай жердегі жаңадан ашылған Бақырша деген бөлімшеге менгеруші болып тағайындалыпты. Әлі бас-аяғы жинақталмаған, молда торғайдың ұясындай ғана шап-шағын ауылды мұндағылар Вьетнам деп атайтын көрінеді.

xxx

Әне, сол Вьетнам... тойыст, Бақырша бір тамшы суға зар болып отырады екен. Шағыр деген ауыл жактан шығатын ескі «водовоз» екі-үш күнде бір соғып, есік алдындағы әуіттерге су құйып кетеді. Ол бұзылып қалған кезде, бүкіл ауыл малмен қосыла манырап, азан-қазан болып жатады...

Біздің әкеміздің ерлігі – құс қанаты талатын сол бір шөлейт даладағы ауылдан артезиан құдығын қаздырып, 1755 метр тереңдіктен атқылатып су шығарғаны. Елге жеміс ағаштарының көшетін әкеліп, бау-бақша еккізіп, жапан түздің ортасынан жап-жасыл оазис жасағаны.

Мен ол құдықтың оқиғасын өзімнің «Бақыршаның балалары» атты хикаятымда егжей-тегжейлі баяндап жазғанмын.

Әжем жарықтық тау бөктеріндегі ауылда алқып-шалқып өскен атакты Үсіпбай болыстың немере қызы екен. Біз ес білгенде ол кісінің бір қолының екі саусағы бүгіліп, қатып қалған болатын. «Әже, қолыңызға не болған?» деп сұрағанымызда, «Мен жас күнімде ерігіп, Тәшкен, Самарқанның базарларынан сигарет алдырып тартағыммын. Соның жазасына, міне, өстіп саусағым бүгіліп қалған», – деп күлуші еді.

Шамасы, 1967-68 жылдары болуы керек, кенес үкіметінің қуғынын көрген Үсіпбай болыстың тікелей ұрпағы, менің әжемнің жан дегендегі жалғыз інісі Тәліп атам Өзбекстандағы Шығырық деген жерден елге көшіп келді.

Әжем бұл хабарды естіген бетте буынып-түйініп, жолға жинала бастады. Сөйтіп, әкем бөлімшеге бөлінген жана «водовозды» бір-екі күнге сұрап алып (құдық қазылғалы бері оның онша керегі де болмай қалған), әжем есеумізді нағашы атам көшіп келген ауылға жіберді.




Нұрғали ОРАЗ

мініп, Рабат ауылынан «газировка», Сарапханадан бидай көже, Жанабардан қымыз ішіп, нағашыларымның ауылына жалғыз өзім келдім.

Содан бастап Бүбіш әжем: «Жаз бойы сонда бол. Атаңа көмектес. Қымыз ішіп, өзенте шомылып, жеміс-жидек жеп қайт», – деп, Қызылатаға жіберіп тұратын болды.

Қысқасы, мен Даланың баласы, Таудың жиені болып өстім.





● МАМАН ПІКІРІ

Бақыт ҚАЛЫМБЕТ,
Алматы қаласы Тілдерді дамыту және латын графикасына көшу орталығы басшысының міндетін атқарушы:

«Өкінішке қарай, қаламызда әлі де қате жарнамалар кездеседі. Кейбірінде пунктуациялық қате болса,

кейбірінің қазақ тіліндегі мағынасы дұрыс емес. Алматы қаласындағы барлық жарнамаға, оның орналасуына қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы жауапты. Бірақ жарнама берушілер ең алдымен жарнаманың қазақша мәтіні мен орысша нұсқасын Тілдерді дамыту және латын графикасына көшу орталығына, біздің мамандарға әкеледі. Біздің орталықта қазақ тіліндегі нұсқаны тексеріп, түзеумен айналысатын арнайы мамандар бар. Егер жарнамадағы қазақ тіліндегі нұсқа дұрыс болмаса, біз оны түзетіп, тіпті мағынасына дейін дұрыстап, қайта жазуларын талап етеміз. Нақты біздің рұқсатымызды алғаннан кейін барып, жарнама жауапты басқармаға тапсырылады. Біз бүгінде қала көшелеріндегі жарнамаларға жеті қадағалау жүргізуді жоспарымызға енгіздік».



Жеткіншектер жеңіспен оралды



Соңғы жылдары эстетикалық гимнастика деген спорт түріне қызығушылардың саны күн санап артып келеді. Балалар көз келген жастан қатыса алатын эстетикалық гимнастиканы көзартар ерекшелігіне қарай «кілем үстіндегі синхронды жүзу» деп те айдар тағып, бәсін биіктетеді. Командалық спорт түрі болғандықтан, гимнастшылардың тыныс алуы, кірпік қағысы, ым-ишарасы да бір мезетте болуы бағаланады.



«Олимпия» клубының спортшылары әлем кубогының иегері атанды. 10-12 және 14-16 жас мөлшері бойынша өткен әлемдік сайыста «Даймонс» пен «Санрайс» клубының гимнастшыларына 4-орын бұйырды.

Әлия ЖАНҒАЗЫ,
эстетикалық гимнастикадан әлем кубогы – 1 орын



«Олимпия» клубының спортшылары әлем кубогының иегері атанды. 10-12 және 14-16 жас мөлшері бойынша өткен әлемдік сайыста «Даймонс» пен «Санрайс» клубының гимнастшыларына 4-орын бұйырды.

Қазак елінің көркем гимнастшылары аренада өнер көрсеткенде спорт кешеніндегі халықтың қошемет, құрметі ерекше болды.

Әлем кубогы мен дүниежүзілік чемпионатты ұйымдастырушылар жас спортшыларды Хельсинки қаласынан 1100 шақырым шалғай жатқан Рованиеми шаһарына, Санта-Клаустың отанына сапарлатты. Бір күндік серуенде балалар Аяз атаға арман-тілектерін жазып қалдырды. Ертегілер әлеміне саяхаттап, серпіліп қайтты.

Рәсима ӘКІМБЕКОВА,
Алматы – Хельсинки – Алматы

Бас редактор – директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҮРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА – экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА – арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ – шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА – терімші

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ – web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОҚСАНБАЙ – Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС – Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Нұрғұл НАСЫР – Атырау облысы (8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ – Шымкент қаласы (8 700 280 63 20)

Ұлдай САРИЕВА – Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс – №2288;
Бағасы келісім бойынша

Айлық таралым – 6000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana» әуежайының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.